

Біздің күшіміз – бірлік пен келісімде!

Қарағанды қаласы білім басқармасының қолдауымен Балалар мен жеткіншектер сарайында 2015 жылғы ақпанда "Қазақстан халқы Ассамблея жылының бастамасы" атты республикалық синхрон-акция аясында «Татулық пен келісім – Қазақстан елі үшін!» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараға педагогикалық еңбек жолындағы ардагерлер, шақырылған қонақтар, мектеп педагогтері мен білім алушылары, сондай-ақ ата-аналар қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарская қатысты.

Ағымдағы жылы біз Қазақ хандығының 550 жылдығын, Ұлы Отан соғыс Жеңісінің 70-жылдығын тойлағалы отырмыз.

«Халықтар достығы» мерекелік бағдарламада Балалар мен жеткіншектер сарайындағы шығармашылық ұжымдардың қойылымдары ұсынылды. Шығармашылық ұжымдар: «Искорка» халық және заманауи билердің үлгілі ансамблі, «Волшебная страна» үлгілі хореографиялық ансамблі, «Джеронимо» заманауи билер ансамблі, «Куба» заманауи өнер мектебінің тәрбиеленушілері, «Бозторғай» вокалдық студиясы облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, сондай-ақ республикалық шығармашылық байқаулардың жеңімпазы Мауиянов Медет жеке өнер көрсетті.

Шығармашылық ұжымдардың тәрбиеленушілері өз шеберліктерін көрсетіп, қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, «Ала гүлдер» изостудия тәрбиеленушілерінің шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды.







